ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 22 қазан №7119-24-00-2/11927 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Т. Шамшильдин
сот отырысының хатшысы Д.Баккараеваның
қатысуымен ашық сот отырысында талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"ECO LAB" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
тараптардың қатысуынсыз

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 13 шілдеде тараптар арасында веб-портал арқылы 292 95 сомаға №030140001998/240496/00 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасасты. Ол бойынша жауапкер шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде реагент (бұдан әрі – тауар) жеткізуге міндеттенді.

Тауардың техникалық сипаттамасы: орто-толуидин жылтыр, жағымды иісі бар ақ кристалдар қабыршақтар. Химреактив флакондарға 0,1 кг- нан артық емес салынуы керек. Флакондарға өндіруші-мекемені, оның мекенжайы және тауарлық белгісі, препараттың толық атауы, серия (партия) нөмірі, дайындалған күні, жарамдылық мерзімі (айы, жылы), препараттың массасы, сақтау жағдайлары көрсетілген заттаңба жапсырылады. Тауардың жеткізу

уақытындағы сақтау мерзімі дайындалған күнінен бастап 80%- дан кем болмауы тиіс. Препараттың сапасын растайтын құжаттары болуы тиіс.

Тараптардың порталдағы хат алмасуына сәйкес жауапкер көрсетілген техникалық сипатқа сәйкес келмейтін тауар жеткізген. Сәйкессіздік туралы талап қоюшы 2024 жылғы 20 тамызда сараптамалық қорытынды беру актісін жасаған.

2024 жылғы 19 қыркүйекте Шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жіберілген.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы тал қоюмен жүгінді.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған тараптардың келмеуі талапты қарауға кедергі емес.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабының талаптары бойынша міндеттеме шарттың талаптарына және заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

Азаматтық кодекстің 273-бабына сәйкес, заңда немесе шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес міндеттемені бұзу деп оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (уақтылы, міндеттеменің мазмұнымен айқындалатын шарттарды бұза отырып) түсіндіріледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 43-бабының 23-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелер тапсырыс беруші мен өнім беруші шарт бойынша толық орындаған жағдайда орындалды деп танылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай-Заң) 12-бабы 24-тармағына сай, тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72-бабына сай, әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

Жауапкер сот отырысы туралы пошта арқылы және ватсап арқылы хабарланған, алайда сотқа қарсылығын, дәлелдерін табыс еткен жоқ, бұл оның әрекетсіздігі болып табылады.

Документ подписан: Шамшильдин Т., 29.10.2024
Дата вступления в законную силу: 02.12.2024, судья Шамшильдин Т., 05.12.2024
7119-24-3-1/11255

Шарттың 3.1. тармағына сәйкес сәйкес орындаушы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде шарт бойынша міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенді.

Жауапкер шартта көрсетілген тауарды белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге жеткізбеген. Жауапкерлер техникалық ерекшелікке сай тауарды жеткізгені туралы дәлел келтірген жоқ. Яғни шарт талаптарын бұзған.

2024 жылдың 10 қазанында жауапкермен жасалған Шарт бұзылған. Тапсырыс берушінің бұл әрекеті сотта дауланған жоқ.

Сонымен қатар, жауапкер сәйкессіздік туралы 2024 жылғы 20 тамызда сараптамалық қорытынды беру актісін даулау мақсатында сотқа тауарды қабылдауға міндеттеу талап қоюымен жүгінген жоқ.

Шарт бойынша тараптар міндеттемелері тоқтатылды.

Тапсырыс берушіге залал келтірілген, яғни ол шарттарды жасасу кезінде күткен нәтижеге жете алмады.

Кодекстің 359-бабына сай, егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Мұндай жағдай жоқ, тиісті тауардың рынокта болмауы міндетті орындамауға бой бермейтін күшке жатпайды.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға өз еркімен қатысты, өз бағасын ұсынды және бұл жағдайда шартпен және тауардың техникалық ерекшеліктерімен келісті.

Заңның 12-бабы 4-тармағы 3)-тармақшасымен белгіленген, атап айтқанда өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер тізілімге енгізіледі.

Осыған орай талап қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, келтірілген сот шығындары талап арыздыңанағаттандырылған бөлігі мөлшерінде өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Документ подписан: Шамшильдин Т., 29.10.2024

Дата вступления в законную силу: 02.12.2024, судья Шамшильдин Т., 05.12.2024

7119-24-3-1/11255

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "ECO LAB" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"ECO LAB" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"ECO LAB" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья Шамшильдин Т.

Документ подписан: Шамшильдин Т., 29.10.2024

Дата вступления в законную силу: 02.12.2024, судья Шамшильдин Т., 05.12.2024

7119-24-3-1/11255